САҚТАНСАҢ – САҚТАЙДЫ

Өскемен, Семей, Аягөз – «қызыл аймақта»

Өскемен, Семей және Аягөз ауданы 23 сәуірден бастап «қызыл аймаққа» енді. Аталған елді мекен тұрғындарына шектеу шаралары түсіндіріліп жатыр.

Мерей ҚАЙНАРҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Жалпы, пандемия басталғаннан бері Шығыс Қазақстанда коронавирус инфекциясының 24 мың жағдайы тіркелді. Облыс қазір «сары аймақта». Ал Өскемен, Семей қалалары мен Аягөз ауданында эпидемиялық жағдай ушығып бара жатқандықтан шектеу күшейді. Тек соңғы аптада Семейде 240 науқас анықталып, қала вирустың таралуы жағынан көш бастады. Облыс орталығы Өскеменде 209 оқиға тіркелді. Тоғыз жолдың торабында жатқан Аягөз ауданында 67 адам коронавирус жұқтырған. Сөйтіп, инфекцияның таралуы бойынша жағдайды бағалау матрицасына сәйкес бұл елді мекендер «қызыл аймаққа» жатқызылды. Бұдан былай үш өңірдің тұрғындары үшін талап күшейді. Облыстың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қолданыстағы қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Онда «қызыл аймақта» аурудың таралуын ауыздықтау үшін белгілі бір шектеу шаралары енгізілген. Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Ғалымбек Әлиннің айтуынша, өзгерістер сауда, қоғамдық тамақтану, мәдениет нысандарының жұмысына қатысты.

– 23 сәуірден бастап Өскемен, Семей және Аягөз ауданында демалыс күндері супермаркеттер, гипермаркеттер, сауда үйлері мен сауда ойын-сауық орталықтарының жұмысына тыйым салынады. Жұмыс күндері сағат 21.00-ге дейін ғана жұмыс істейді. Ал азық-түлік және азық-түлік емес базарлар сенбі күні сағат 17.00-ге дейін жұмыс істейді. Ал жексенбіде олардың жұмыс істеуіне тыйым салынады. Ғимараттардың ішіндегі базарлар демалыс күндері жабық болады. Қоғамдық тамақтану орындарындағы жұмыс тәртібі сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін өзгерді. Ал азық-түлік порттарына сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін уақыт шектеуімен жұмыс істеуге рұқсат етіледі. Қалған уақытта тек тамақ алып кету және жеткізуге рұқсат, – деді Ғ.Әлин.

«Қызыл аймаққа» арналған қаулы негізінде мәдени нысандарға, театр мен кинотеатрлардың қызметіне тыйым салынды. Демалыс күндері сауналар, жабық спорт нысандары, фитнес-орталықтар, жаттығу залдары жұмыс істемейді. Жалпы білім беретін мектептерде 1-ден 5-сыныпқа дейін қоса алғанда, халықаралық мектептерде 1-ден 7-сыныпқа дейін сыныптардағы балалар саны 25-тен асырылмай аралас форматта оқыту жүйесі қайтарылады. Бітіру сыныптары аптасына алты күн аралас форматта оқытылады. Аралас формат, яғни сабақтардың 70 пайызы мектепте, 30 пайызы қашықтан оқытылады. Ал қалған оқушылар онлайн режімде оқуға қайта оралады. Осы тұста айта кетерлігі, оқу жылының басынан бастап мектеп жасындағы балалар арасында коронавирус ауруының 1 723 жағдайы тіркелді. 1 172 бала қашықтан оқытылды. Дәрігерлердің пікірінше, бала үйде отырғанымен ауруды атаанадан, туысынан жұқтырған.

– Мектеп аумағы блоктарға бөлінген. Олардың арасында жүруге тыйым салынған. Әр сыныпқа өз кабинеті бекітілді. Жұқтырудың әрбір жаңа жағдайы бойынша жұқтыру себептерін, сондай-ақ байланыста болған адамдарды анықтау жұмыстары мұқият жүргізіледі, – деді облыстық білім басқармасының басшысы Сайрангүл Жұмаділова.

Санитарлық нормалар сақталғанымен, сәуір айында 131 оқушы індет жұқтырған. Басым бөлігі сабақты дәстүрлі түрде оқып жүрген еді. Қатаң шектеу шаралары Өскемен, Семей қалаларына және Аягөз ауданына ғана қатысты. Облыстың қалған аудандары мен қалаларындағы нысандар «сары аймақтың» қаулысы негізінде жұмыстарын жалғастыра береді.

Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ермек Омарбековтің айтуынша, өңірде коронавирус ауруының 24 мыңға жуық жағдайы тіркелген. Қазір облыста 3 544 инфекциялық, 319 реанимациялық орын бар. Бұл ретте, инфекциялық стационарларға 265 пациент емдеуге жатқызылған. КВИ науқастары үшін төсек қорының жұмыспен қамтылуының жалпы пайызы 6,9 пайызды құрады.

– Эпидемиялық жағдай нашарлаған жағдайда облыста екі іс-қимыл жоспары әзірленді. «Д» жоспары аясында облыс стационарларында қосымша инфекциялық және реанимациялық төсектер орналастырылады. Осы жоспар бойынша барлығы 6 010 инфекциялық және 670 реанимациялық орын болады. Ал «Ч» жоспары іске қосылған кезде қосымша мың инфекциялық төсектік орын ашу мүмкіндігі бар. Жұқпалы аурулар ауруханаларында коронавирус пен күресуге медициналық қызметкерлердің толық құрамы тартылған жағдайда, жеке қорғаныс құралдары бір айға жеткілікті, – дейді Е.Омарбеков.

Облыстың медициналық ұйымдары коронавирусты емдеуге арналған қажетті жабдықтармен 100 пайызға жабдықталған. Мәселен, өңірде 67 рентген-аппараты, 368 ӨЖТ аппараты, мыңнан астам оттегі концентраторы, 18 компьютерлік томограф бар. 12 медициналық ұйымда орталықтандырылған оттегі магистралі беріліп, оттегі стансалары орнатылды. Сонымен қатар облыста 22 ПТР зертханасы бар, оның жалпы қуаттылығы тәулігіне 14 мыңға жуық зерттеу жасай алады. Өңірде коронавирус инфекциясын емдеу үшін дәрі-дәрмек қоры жеткілікті. Орын мүлдем бос болмай қалған күннің өзінде қор 2 айға жетеді.

– Бізде 380 мыңнан астам ыстық түсіретін препарат, 166,5 мыңға жуық вирусқа қарсы препарат, 533,5 мың антибиотик, 245 мың антикоагулянт бар. «СҚ-фармациядан» үнемі қосымша аламыз. Сондай-ақ тұрақтандыру қорында 2 млн-нан астам вирусқа қарсы препарат бар. Аталған көлем 115 мың пациентті емдеу курсына жеткілікті, – деп атап өтті Е.Омарбеков.

Індеттің алдын алу үшін халық жаппай екпе салғызып жатыр. Сәуірдің басында ғана екпе алған азаматтардың саны 14,5 мыңға жеткен. Бұл көрсеткіш күнненкүнге артып отыр. Облыс басшылығының айтуынша, сәуірдің соңына дейін екпенің 72 мың дозасы жеткізіледі. Қазанның басына дейін өңірдегі халық санының 53 пайызын егу жоспарланған. Бұл үшін барлық мүмкіндік бар.

Шығыс Қазақстан облысы

Жәркен БӨДЕШҰЛЫ

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Түркітілдес елдер поэзиясы II фестивалінің лауреаты, ақын Жәркен Бөдешұлы дүниеден озды.

Жайыр тауының бауырында өмірге келген ақын әдебиетке өзі алып келген Жайыр ұғымы арқылы туған топырақты сүюдің, құсаға айналған сағыныштың, зар мен зарық жырларының классикалық үлгілерін тудырды. Оның жырлары Атажұрт, Атамекен ұғымдарының қадір-қасиетін асқақтатты. Сол арқылы тәуелсіз қазақ елінің аталы сөздің туын ұстар ақынына, жаңа дәуірдің жырауына айналды.

«Көкше құрақ», «Қос қанат», «Аспан даусы», «Нұрлы бояулар», «Жұлдызға орнын ай бермес», «Емендер түнде бүрлейді», «Бұрылыс» жыр кітаптары семсер сөздің, сертті ойдың сөресіне қойылар туындылар болды.

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығында, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасында, баспасөз саласында, Кітап палатасында жауапты қызметтер атқарды.

Жаңа дәуірдің жырауы атанған Жәркен Бөдешұлының қазасына қайғыра отырып, қазақ халқына, ақынның отбасына көңіл айтамыз.

Егеменқазақстандықтар

Абай Абдурахманұлы ТҰРСЫНОВ



2021 жылдың 18 сәуірінде су мәселелерінің белгілі ғалымы, гидротехник, техника ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық экология және табиғатты пайдалану академиясының (ХЭТПА, Мәскеу қ.) академигі Абай Абдурахманұлы Тұрсынов 88 жасында өмірден озды.

Мәскеу су шаруашылығы инженерлері институтын тәмамдағаннан кейін еңбек жолын Красноярск СЭС құрылыс мастерінің көмекшісі, құрылыс учаскесінің бастығы болып бастап, бар ғұмырын еліміздің су мәселелеріне арнады.

1960 жылдары Ленинград политехникалық институтының аспирантурасында оқып, 1962 жылы ғылым кандидаты атанды, 1970 жылы техника ғылымдарының докторы атағын қорғады.

1970-1978 жылдары Сібір өзендерін Арал теңізі алабына бұру жөніндегі кешенді зерттеулердің ғылыми кураторы, КСРО Ғылым және техника жөніндегі мемлекеттік комитеті комиссиясының және КСРО Энергетика министрлігі ғылыми-техникалық кеңесінің мүшесі болды.

ҚазМУ (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) ректоры академик Ө.А.Жолдасбековтің шақыруымен география факультетін басқарды және «Құрлық гидрологиясы» кафедрасының меңгерушісі болып еңбек етті.

А.А.Тұрсынов 1985-1986 жылдары ҚР ҰҒА География институтының директоры болды, оның басшылығымен үлкен сұраныска ие болған Іле-Балқаш мәселесі бойынша ірі ауқымды ғылыми-зерттеу жобалары орындалды.

Абай Абдурахманұлының жоғары білікті кадрлар даярлаудағы рөлі де ерекше, оның жетекшілігімен қалыптасқан 10-нан астам ғылым докторлары, 20-дан астам ғылым кандидаттары еліміздің игілігі үшін еңбек етуде.

Қазақстан су ғылымы орны толмас көрнекті ғалымды жоғалтты. «География және су қауіпсіздігі институты» АҚ марқұмның отбасы мен туғантуыстарының қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

«География және су қауіпсіздігі институты» АҚ Басқармасы

«М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі келесі Басқарма мүшелерінің бос лауазымдарына конкурс жариялайды: Басқарма төрағасы – Ректордың орынбасары; Ғылым және инновациялар жөніндегі Басқарма мүшесі; Тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі Басқарма мүшесі. «М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының мекенжайы: Петропавл қаласы, Пушкин к-сі, 86.

Қызметтің негізгі мәні жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында білім беру қызметтерін ұсыну болып табылады.

Қызметтің мақсаты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу, білім беру және оқыту үшін, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамыту және әзірлемелерді коммерцияландыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, білім беру ұйымдарында және (немесе) тиісті салалардағы уәкілетті органдарда басшылық лауазымдарда жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Конкурсқа қатысуға төмендегі тұлғалар жіберілмейді:

1) жиырма бес жастан кіші;
2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
3) өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
4) медициналық арнайы мекемелерде есепте тұрғандар;
5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) белгіленген нысандағы өтініш;
2) конкурсқа қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
3) белгіленген үлгі бойынша 3х4 үлгідегі түрлі түсті суретпен конкурсқа қатысушының қызметтік тізімі;
4) білім туралы құжаттардың және салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсына отырып, оларға қосымшалардың көшірмелері;
5) жұмыс орны (қолданыстағы не соңғы) бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
6) № 075/е нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби кеңес қорытындысы);
7) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес психоневрологиялық ұйымнан берілгеніне құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жыл толмаған анықтама;
8) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңнамаға сәйкес наркологиялық ұйымнан берілгеніне құжаттар ұсынылған күнге дейін бір жыл толмаған анықтама;
9) қылмыстық заңнамаға сәйкес лауазымға орналасуға тыйым салудың жоқ екенін растайтын құжат.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда көрсетілетін қызметті алушылар Конкурсқа қатысушылар 6, 7 және 8-тармақшаларда көрсетілген құжаттарды ұсынбайды.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

Конкурстың өтетін күні мен орны қосымша хабарланады. Жоғарыда көрсетілген құжаттарды белгіленген мерзімде Петропавл қ., Пушкин к-сі, 86, 2 корпус мекенжайы бойынша «М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ Корпоративті хатшысына ұсыну қажет (426 кабинет, телефоны: +77775122629).

«Ақбақай тау-кен-металлургиялық комбинаты» АҚ Директорлар кеңесі (әрі қарай – Қоғам), мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ақбақай к., Қуанышбаев к., 1, 28.05.2021 жылы сағат 11.00-де акционерлердің жалпы жиналысын шақыратыны туралы хабарлайды. Мекенжайы: Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ақбақай к., Қуанышбаев к., 1.

Қоғам акционерлерін тіркеу 28.05.2021 ж. сағат 10.00-де басталады. Кворум болмаған жағдайдағы жиналысты қайта өткізу күні сол мекенжай бойынша 29.05.2021 ж.

Жиналысқа қатысу құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні 28.05.2021 ж.

Күн тәртібі:

1. Акционерлердің жылдық жиналысының күн тәртібін бекіту;
2. Қоғамның 2020 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
3. 2020 жылдағы таза кірістің бөліну тәртібін бекіту.
4. Акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір акциясына есептегендегі дивидендтің мөлшерін бекіту;
5. Акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне қатысты үн қатулары жөніндегі мәселелерді қарастыру және оларды қарастырудың қорытындылары туралы;
6. Қоғам акционерлерін Қоғамның атқарушы органы мен Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру құрамы мен мөлшері туралы ақпараттандыру.

Күн тәртібі жөніндегі материалдармен акционерлер мен олардың өкілдері мына мекенжай бойынша таныса алады: Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Ақбақай кенті, Қуанышбаев к. Өздерімен бірге жеке бас куәлігі немесе сенімхат болуы тиіс.

Совет директоров АО «Акбакайский горно-металлургический комбинат» (далее – «Общество»), адрес: Республика Казахстан, Жамбылская область, Мойынкумский район, п. Акбакай, ул. Куанышбаева, 1, объявляет о созыве годового общего собрания акционеров 28.05.2021г. в 11.00 часов по адресу: ул. Куанышбаева, 1, п. Акбакай, Мойынкумского района, Жамбылской области.

Регистрация акционеров Общества начнется 28.05.2021г. в 10.00. Дата повторного проведения собрания, в случае отсутствия кворума 29.05.2021г. в 11.00 по тому же адресу.

Дата составления списка акционеров, имеющих право на участие в собрании 28.05.2021г.

Повестка дня:

1. Утверждение повестки дня годового общего собрания акционеров;
2. Утверждение годовой финансовой отчетности Общества за 2020 год;
3. Утверждение порядка распределения чистого дохода за 2020 год. Принятие решения о выплате дивидендов по акциям и утверждение размера дивиденда в расчете на одну акцию Общества;
4. Рассмотрение вопроса об обращениях акционеров на действия Общества и его должностных лиц и итогах их рассмотрения;
5. Информирование акционеров Общества о размере и составе вознаграждения членов Совета директоров и исполнительного органа Общества.

Ознакомиться с материалами по повестке дня акционеры и их представители могут по адресу: ул. Куанышбаева, 1, п. Акбакай Мойынкумского района Жамбылской области. При себе иметь документ, удостоверяющий личность или доверенность.

ТОО «ANSAR COMPANY» БИН 130 840 012 167, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня опубликования объявления по адресу Акмолинская область, город Есиль, улица Зеленая, 10, кв. 1. Тел.+7 701 552 1717.

В соответствии с п.1 ст.46 Закона Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью», ТОО «Даниловское и К» уведомляет своих участников о созыве внеочередного общего собрания участников ТОО «Даниловское и К», назначенного на 24 мая 2021 года в 10 часов 00 минут по времени г. Нур-Султан, которое будет проводиться по адресу: Акмолинская область, Буландынский район, а.Алтынды, ул.Урицкого, 11, на котором будут рассматриваться следующие вопросы повестки дня:

1. О предоставлении дополнительного залогового обеспечения в ТОО «Кредитное товарищество «Буланды» и АО «Аграрная кредитная корпорация» в качестве обеспечения исполнения обязательств ТОО «Даниловское и К» перед ТОО «Кредитное товарищество «Буланды» и обязательств ТОО «Кредитное товарищество «Буланды» перед АО «Аграрная кредитная корпорация»;
2. О предоставлении согласия АО «Аграрная кредитная корпорация» и ТОО «Кредитное товарищество «Буланды» права на внесудебную реализацию имущества, в случае неисполнения либо ненадлежащего исполнения обязательств ТОО «Кредитное товарищество «Буланды» перед АО «Аграрная кредитная корпорация», а также в случае неисполнения либо ненадлежащего исполнения обязательств ТОО «Даниловское и К» перед ТОО «Кредитное товарищество «Буланды»;
3. О предоставлении согласия ТОО «Даниловское и К» на рассмотрение всех споров, разногласий и требований возникающих из договоров о предоставлении обеспечения и связанных с ними отношений, как в государственном суде в соответствии с требованиями ГПК РК, так и в ТОО «Первый Экономический Арбитраж» или ТОО «Арбитраж Алматы»;
4. О наделении полномочиями генерального директора ТОО «Даниловское и К» - Есентурова Айбата Абаевича, на подписание договора о предоставлении микрокредита, соглашения об открытии кредитной линии, договоров залога, гарантии, дополнительных соглашений к ним и иных документов, необходимых для получения займа от имени ТОО «Даниловское и К».

ТОО «Енбек-1» уведомляет о проведении внеочередного общего собрания участников ТОО « Енбек-1», назначенного на 25 мая 2021 г. в 10 часов 00 минут по времени г. Нур-Султан, которое будет проведено по адресу: Республика Казахстан, Акмолинская область, Аршалынский район, с. Константиновка, ул. Центральная, д. № 49, на котором будут рассматриваться следующие вопросы повестки дня:

1. Отчет исполнительного органа по результатам производственно-финансовой деятельности ТОО «Енбек-1» за 2020 год;
2. Отчет ревизионной комиссии, утверждение годовой финансовой отчетности ТОО «Енбек-1» за 2020 год, финансовые решения и планы за 2021-2022 год.

Собрание проводиться в соответствии с Уставом и Законом «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью».

ТОО «Аль-Аманат», (БИН 200140021354), сообщает о своей ликвидации. Все претензии принимаются в течение 2 месяцев со дня публикации настоящего объявления. Тел. 8-7789859848.

Открыто наследственное дело у нотариуса Большаковой В.С. после смерти Муканова Ербола Аширбековича, умершего 06 апреля 2021 года, наследникам обращаться по адресу: г. Нур-Султан, район Сарыарка, проспект Женис, д.1, офис 4, телефон: 87718887846.